



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттары
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 19 наурыздағы № 16-13-26 д/с

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі сіздердің кәріздік тазарту имараттарын (бұдан әрі – КТИ) салу және реконструкциялауға қатысты сауалыңызға сәйкес келесіні хабарлайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі қала халқын ағынды сулардан тазартумен қамтуды 2025 жылы 74,9 %-дан 100 %-ға дейін ұлғайту үшін КТИ салу және реконструкциялау бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Жобаларды іске асыруға дайындық мақсатында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының ағымдағы жағдайы талданды, сумен жабдықтау және су бұру саласын басқарудың халықаралық тәжірибесі зерделенді.

Дүниежүзілік банк реформаларды қабылдау және су арналарының шығындарын оңтайландыру, тарифтерді көтеру және жеке инвестицияларды тарту арқылы Нарықтық қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшу стратегиясын ұсынуда.

Халықаралық оң тәжірибе мен су арналарын дамытудың жүйелі тәсілін ескере отырып, жеке инвесторларды тарта отырып мемлекеттік-жекешелік әріптестік моделін пайдалану жоспарлануда.

Су секторын реформалағаннан кейін коммуналдық кәсіпорындар орнықты және бюджеттік субсидияларға тәуелсіз ұйымдар ретінде өз әлеуетін іске асыра алады.

Бүгінгі таңда жалпы су арналарын басқаруға конкурстық рәсімдердің қорытындылары бойынша анықталатын отандық, сондай-ақ халықаралық компаниялар қызығушылық танытып отыр.

КТИ жобаларын іске асыру моделін әзірлеу кезінде мемлекеттік бюджетке оңтайлы жүктеме және халық үшін тарифтердің қалыпты өсуін қамтамасыз ету негізге алынды.

Сонымен қатар қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, бизнес-процестерді автоматтандыру және су арналарының операциялық шығындарын оңтайландыру бойынша іс-шаралар көзделетін болады.

Жалпы жоспарланған іс-шаралар сумен жабдықтау және су бұру секторын кешенді реформалауды жүргізуге мүмкіндік береді, бұл инвестициялар тартуға және қазақстандық бизнесті дамытуға қосымша серпін береді, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жобалар пулын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде, онда Тараз қаласында КТИ жобасын іске асыру бірінші кезектегі жобалардың бірі болады, бұл шамамен 358 мың адамды ағынды сулардан тазартумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

КТИ жобаларын іске асырудың жоспарланып отырған моделі Қазақстан Республикасын аумақтық дамыту жөніндегі ұлттық жобада бекітілетін болады.

А. Мамин

Тізім:

1. Б.С. Орынбеков
2. Н.Ж. Бекенов
3. Ғ.И. Дүйсембаев
4. Н.Н. Қылышбаев
5. С.А. Карплюк
6. Ж.М. Нұрғалиев
7. О.В. Перепечина
8. Б.А. Шелпеков